

Келес ауданы
ЖШС «Балнұр» бөбекжай балабақшасының педагог қызметкерлерімен
еткізілген
жиналыстың
№1 Хаттамасы

Катысканы:13
Катыспағаны:

31 - Тамыз
2024 жыл

Күн тәртібінде

1 педагогикалық кеңес.

Тақырыбы: «2024-2025 жаңа оқу жылындағы балабақша қызметінің негізгі бағыттары».

Мақсаты: мектепке дейінгі үйымды жаңа оқу жылына дайындау. 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын және негізгі жылдық міндеттемелерді талқылау, бекіту.

1. Педагогикалық кеңес хатшысын сайлау.
2. Жазғы сауықтыру жұмысының қорытындысы.
3. 2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі үйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбие-білім беру процесін үйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен танысу.
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын қарастыру.
5. 2024-2025 оқу жылына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспарымен танысу, бекіту.
6. Вариативті компоненттер.
7. Үйымдастырылған іс-әрекеттің кестесі.
8. Педагогтердің біліктілікті арттыру курстарынан өту кестесі.
9. Топтағы балалардың тізімдері.

Сөз алғандар: Топ тәрбиешілері

Ж.Толегенова
(б/б медбикесі)
Э.Толегенова
(б/б менгерушісі)
М.Ақжанова
(б/б әдіскері)

Тындалды: Балабақша менгерушісі Э.Толегенова, жиналысты ашық деп жариялад, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырылды.

Педагогикалық кеңес хатшысын, балабақша менгерушісі ұсынды, педагогикалық ұжым бір ауыздан қолдау танытты. Педагогикалық кеңес хатшысы – балабақша әдіскері – М.Ақжанова тағайындалды. Жиналыс хатшысының тікелей міндеті таныстырылып өтілді.

Жазғы сауықтыру жұмыстары жылдық жоспарға сәйкес үйымдастырылды және тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын

қорғау, денсаулықты сактау тәртібін ұйымдастыру, балалардың танымдық қызығушылығын дамытуға бағытталады.

2024 жылдың 1- маусым айынан бастап 01- қыркүйегіне дейін балабақша балалары жазғы сауықтыру-шынықтыру жоспары бойынша тәрбиеленеді.

Балалардың танымдық белсенділігін арттыру үшін тәрбиешілер күммен эксперимент жасауды жиі қолданды. Балалардың көңіл-күйін көтеру мақсатында жаз мезгілінде әр түрлі сауықтыру шаралары ұйымдастырылды.

Жазғы мезгілде ата-аналармен жұмыс жалғастырылды. Ата-аналарға ақыл кеңестер берілді, әңгімелер жүргізілді. Ата-аналар бұрышындағы жазғы мезгілде балалардың денсаулығын қорғау және нығайту, ағзаны шынықтыру, тыныс алу гимнастикасы, тамақтандыруды және жазғы демалысты ұйымдастыру туралы ақпараттар мезгілімен ауыстырылды.

Үшінші мәселе бойынша, балабақша әдіскері- М.Ақжанова, баяндада. 2024-2025 оку жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен таныстырып, өтті.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку бағдарламасын балабақша менгерушісі –Э.Толегенова, оқып беріп, педагогтар арасында кеңінен талқылады.

Тәртінші мәселе, бойынша бақшаның менгерушісі Э.Толегенова, 2024-2025 оку жылындағы жоспармен таныстырып, стандарт талапарына сүйене отырып түзілгенін мәлімдеді. 2024-2025 оку жылына арналған жылдық жоспар бекітілді және топ тәрбиешілеріне ұйымдастырылған іс-әрекеті кестесі мен оку жоспарларын бекітіп берді.

Бесінші мәселе, балабақша қызметкерлерін орнықтыру бойынша менгеруші Э.Толегенова, балалардың жас ерекшелітеріне байланысты, топтарға жіктеп, қызметкерлерді орнықтырып, бекітті. 2024-2025 оку жылына топтардың балабақшаның дайындығы жақсы деңгейде. Топтар ағымдағы жөндеу жұмыстарынан өтті. Топтар оку жылына дайын.

Жиналыс соңында қаулы қабылданып, шешім шығарылды.

Шешім

1. Педагогикалық кеңес хатшысы – сыйласын.
2. Жазғы сауықтыру іс шараларының қорытындысы қанағаттанралық деп табылсын.
3. 2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі үйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбие-білім беру процесін үйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен балабақшаның педагогикалық құрамы толық танысрылсын.
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында көрсетілген талаптар мен қағидаттар жұмыс барысында толық сақталып, жұмыс жүргізілсін.
5. 2024-2025 оқу жылына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспарымен таныстырылып, бекітілсін.
6. Вариативті компоненттер балалардың қызығушылықтары мен бейімділіктеріне негізделініп түзілсін .
7. Үйымдастырылған іс-әрекеттің кестесі бекітілсін.
8. Педагогтердің біліктілікті арттыру курсарынан өту кестесі құрылсын
9. Топтағы балалардың тізімдері бекітілсін

Балабақша менгерушісі:

Э.Толегенова

Хатшы:

М.Акжанова

Келес ауданы
ЖШС «Балнұр» бөбекжай балабақшасының педагог қызметкерлерімен
єткізілген
жинаалыстың

№2 Хаттамасы

Қатысқаны: 13

22 - қазан

Қатыспағаны:

2024 жыл

Күн тәртібінде

Тақырыбы: Инновациялық технологиялар арқылы балалардың денсаулықтарын нығайту, түзету-дамыту жұмыстарында қолдану.

Мақсаты: Инновациялық технологиялар арқылы балалардың денсаулықтарын нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыру жолдарын қарастыру. Коррекциялық топтағы балалармен түзету-дамыту жұмыстары бағыттарын қарастыру.

1. №1 педагогикалық кеңес шешімі бойынша анықтама
2. *Тренинг*. Адам денсаулығына көңіл-күйдің әсері.
3. *Шеберлік сыннып*. Бала денсаулығына күнделікті жаттығу жасаудың маңызы және жаттығуларды жас ерекшеліктеріне сай қолдану.
4. *Шеберлік сыннып*. Ерекше балалармен тіл дамыту жұмыстарын жүргізу. Шеберлік сыннып
5. *Іс-тәжірибеден*. Ерекше балалардың танымдық қабілеттерін дамыту жолдары.
6. Балаларды ұлттық ойындар арқылы саз өнеріне қызығушылықтарын ояту. Эксперименттік топтағы педагогтардың іс-тәжірибесі
7. Кешенді бақылау қорытындысы. «Денсаулық» саласы бойынша оку қызметтерінің жүргізілу барысы
8. *Көрме*. Балалардың қол, саусақ бұлшық еттерін, жалпақ табандылық, көз т.б. арналған құралдар.
9. *№2 педагогикалық кеңес шешімі*

Тыңдалды: Балабақша менгерушісі Э. Толегенова, жинаалысты ашық деп жарияладап, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Бірінші мәселе бойынша бақшаның әдіскері – , №1 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы жайлы баяндады. Бірінші кеңесте талқыланған мәселелер бойынша толытыру жұмыстары жүргізілген, қадағалануда.

Екінші мәселе бойынша, балабақшаның педагог-психологы – С.Жұмабай, «Адам денсаулығына көніл-күйдің әсері» тақырыбында тренинг өткізді. Тренинг сонында ұжым қызметкерлері көтеріңкі көңіл – күйге еніп, психологқа өз алғыстарын білдірді.

Үшінші мәселе, бала денсаулығына күнделікті жаттығу жасаудың маңызы және жаттығуларды жас ерекшеліктеріне сай қолдану тақырыбында шеберлік сыйнышты МАД топтарының тәрбиешісі Орымбаева Мәлдір өткізді.

Қоғамдық тәрбиенің жалпы жүйесінде мектеп жасына дейінгі баланы дene жағынан тәрбиелеу ерекше орын алады. Өмірді қорғау мен денсаулықты нығайту, бала организмінің қызметін жетілдіру, мұның денені дұрыс жетілдірудегі ықпалы жұмыс қабілетін арттыру дene жағынан тәрбиелеудегі ең басты міндеттер болып табылады. Қазаки ұлттық дәстүрімізге сай көріктілігін, ептілігін, сегіз қырлы бір сырлы жан-жақты ұлттық қасиетін танып білуді бала бойына қалыптастыру сәби кезінен табылады. Сондықтан осы таңертенгілік ұлттық би жаттығуы әдістемелік құралын ұсынамыз.

Әдістемелік құралда таңертенгілік жаттығуларды ұйымдастыру бала денесінің жан-жақты дамуына арналған жаттығулар беріледі. Балалардың сүйек жүйелері мен байланыс буын қызметінің дұрыс жетілуіне, бел омыртқаның, табан дәңестерінің дұрыс жетілуіне ықпал жасау қажет. Барлық бұлшық ет топтарын, жүрек қан тамыр жүйесінің жетілуін дамытуға мүмкіндік жасау керек. Басты міндет балалардың қозғалыстарын жетілдіру, қимылдық дағдыларын және дененің икемділік, шапшаңдық күштілік, төзімділік сияқты қасиеттерін қалыптастыру болып табылады.

Төртінші мәселе бойынша, ортағы топ тәрбиешілері «Ерекше балалармен тіл дамыту жұмыстарын жүргізу» туралы шеберлік сыйнып өткізді.

Бесінші мәселе, «Ерекше балалардың танымдық қабілеттерін дамыту жолдары» бойынша іс – тәжірибемен балабақша тәрбиешісі А.Сейтова бөлісті.

Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қызметі.
Танымдық өрісінің дамуы:

- 1 жастағы балада заттық қабылдау, бірақта ол толық жетілмеген.
- 2 жаста бала заттың қасиеттерін әліде болса айыра алмайды, оны тек ашық белгілеріне қарай ажырата алады.
- 3 жаста бала заттың формасын, көлемін, түрін ажырата алады. Сонымен бірге үлгі бойынша көріп қабылдайды.
- 3 жаста бала 5-6 форманы және 8 түсті менгеруі тиіс. Естіп қабылдау жедел дамиды.

Зейіні ырықсыз. Зейін көлемі тар алаңболушылық басым. Есі ырықсыз естің басты ролі қайталауда. Қимыл-қозғалыс есі басым екені көрініс береді.

Алтыншы мәселе, «Балаларды ұлттық ойындар арқылы саз өнеріне қызығушылықтарын ояту» туралы әр топ тәрбиешілері өз іс-тәжірибесімен бөлісті.

Ересек топ тәрбиешісі – Ахмет Айша, Қазактың ұлттық ойындарының қоғамдық және әлеуметтік маңызы аса зор. Ұлттық ойындар қазақ халқының ежелгі – мәдениеті мен өнерінің де ешкімнен кем болмағанын байқатады. Қазақ халқы ұлттық ойындарға бай халық. Ұлттық ойындар атадан балаға, үлкеннен кішіге мұра болып жалғасып жатыр. Ата – бабаларымыз ұлттық ойындар арқылы ұрпақтың мықты әрі жігерлі болып өсуіне ықпал етіп, олардың береке бірлігі мен ынтымағын жарастырып отырған. Шындығына келсек өмір сүруімізде ұлттық ойындардың атқаратын міндесті айрықша. Қазақ халқы материалдық мұраларға қоса мәдени қазыналарға да аса бай халықтардың бірі, - деп сезін аяқтады.

Эксперименттік топтағы педагогтардың іс-тәжірибесі туралы, кіші жас тобының тәрбиешісі – Жұмабай Сауле баяндады. Топ жұмысы қанағаттанарлық деңгейде жүріп жатқаны туралы айтты.

Жетінші мәселе, балабақша әдіскері – М.Акжанова , кешенді бақылау қорытындысын баяндады. Дене шынықтыру пәндерінің өтілу сапасының кешенді тексеру 2023 жылдың 01-қарашасы мен 21-қарашасы аралығында өткізілді. Кешенді тексеру барлық топтар арасында жүргізілді. Денсаулық бұрыштарын, дене тәрбиесі оку іс- әрекеттері мен сауықтыру-шынықтыру шараларын, қауіпсіз мінез – құлық шараларын бақылау арқылы жүзеге асты. Барлық топтарда дене тәрбиесіне арналған құралдарды толықтырып, атрибуттарды көбейту керектігі ескертілді.

Комиссия мүшелері барлық топтарда келешекте толықтыру жұмыстарын жалғастыра беру керектігін айтты.

Кіші топ тәрбиешілері – Балалардың қол, саусақ бұлшықеттерінің жалпақ табандылық, кез т.б. арналған құралдардан көрме үйымдастырды. Көрме қорытындысы жасалынып, өте жақсы деп бағаланды. Алдағы уақытта балаларды тәрбиелеу барысында пайдаланылсын, деп шешілді.

Жиналыс сонында қаулы қабылданып, шешім шығарылды.

Шешім:

1. №1 педагогикалық кеңес шешімі бойынша анықтама қорытындысы қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. Адам денсаулығына көңіл-күйдің әсері, тақырыбындағы тренинг «жақсы» деп бағалансын, педагогтармен әрі қарай жұмыс жүргізу педагог-психологқа міндettелсін.
3. «Бала денсаулығына күнделікті жаттығу жасаудың маңызы және жаттығуларды жас ерекшеліктеріне сай қолдану» тақырыбындағы баяндама қанағаттанарлық деңгейде деп бағалансын, толықтыру жұмыстары топ тәрбиешілеріне жүктелсін.

4. Ерекше балалармен тіл дамыту жұмыстарын жүргізу. Шеберлік сыйнып бойынша ортаңғы топ тәрбиешілері қанағаттанарлық деңгейде жұмыс жүргізген деп бағалансын.
5. «Ерекше балалардың танымдық қабілеттерін дамыту жолдары» тақырыбындағы баяндама қанағаттанарлық деңгейде деп бағаланып, оқу іс әрекеті кезінде қолданылсын.
6. Балаларды ұлттық ойындар арқылы саз өнеріне қызығушылықтарын ояту. Эксперименттік топтағы педагогдардың іс-тәжірибесі басқа топтарға таратылып, тереңірек қолданылсын.
7. «Денсаулық» саласы бойынша оқу қызметтерінің жүргізілу барысы қанағаттанарлық деңгейде деп бағалансын.
8. Балалардың қол, саусақ бұлшық еттерін, жалпақ табандылық, көз т.б. арналған құралдар «жақсы» деп бағалансын. Ұйымдастырылған оқу іс – әрекеттерге қолданылсын.

Балабақша менгерушісі:  Э.Толегенова
Хатшы:  М.Акжанова